

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Педагогика және психология» кафедрасының докторанты Боранбаева Ақтолқын Раисбековнаның 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кенесшінің**

### **ПІКІРІ**

Докторантурада оқу кезінде Боранбаева Ақтолқын Раисбековна психологиялық-педагогикалық ғылымдарда сирек кездесетін барынша қызықты және маңызды мәселе бойынша диссертациясын белгіленген мерзімде жазып шықты.

Психологиялық-педагогикалық және өзге де ғылымдарда әлі де жеткілікті зерттелмеген, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын қалыптастыру тақырыбын таңдай отырып, ізденуші бастапқыда осы феноменді зерттеу мен түсіндірудің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеп және дұрыс түсіндіріп қана қоймай (өздігінен білім алудың негізгі ұғымдары мен категорияларын, осы феноменнің көрініс алуының заңдылықтары мен механизмін, оның құраушыларының құрылымы мен мазмұнын нақтылады), сонымен қатар болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын қалыптастырудағы түрлі факторлардың ерекшеліктерін, ролін, маңызы мен әсерін де анықтады.

А.Р.Боранбаева өзін барынша толысқан және дайын маман ретінде көрсетті, өзін таңдап алынған ғылыми мәселені, теориялық зерттеуді орындауға және осы мәселені шешу үшін қажетті эмпирикалық материалдарды жинау, талдау, қорытындылау және түсіндіру бойынша жұмыстарды іске асыруға қабілетті, педагогика және психология саласында барынша сауатты және білімді маман ретінде танытты.

А.Р.Боранбаева зерттеудің көрсеткіштерін, өлшемдерін және параметрлерін анықтау және таңдаудың барлық процедураларының адекваттылығын және сенімділігін қамтамасыз ететін жұмыстар мен концептуалдық үлгіні құру да, сонымен бірге оның құрылымын сұрыптауды анықтау да қамтылатын болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтады, ал бұл нәтижесінде ізденушіге өзінің ғылыми-тәжірибелік зерттеуін толығымен аяқтауға мүмкіндік берді.

А.Р. Боранбаева жүргізген зерттеу автордың ғылыми талдау әдістерін барынша жеткілікті меңгергенін, терең ғылыми ізденістерді жүргізуге дайындықтың жоғары дәрежесіне ие екендігін, ЖОО-нда кәсіби білім берудің педагогикалық теориясы мен практикасы саласындағы ауқымды білімді игергенін көрсетеді.

Өзінің ғылыми еңбегін орындау және соңына жеткізуде А.Р. Боранбаева жоғары зияткерлік және адамгершілік-психологиялық сапаларын көрсетті,

оны аяқтау жолында кездескен барлық қиындықтарды жеңді және диссертацияны белгіленген мерзімде қорғауға ұсынды.

Докторант диссертация жұмысын орындай жүріп, жас ғалымдар форумы мен конференцияларда баяндамаларымен катысып, өзінің кәсіби-зерттеушілік қабілетін шыңдай түсті. Қазақстан Республикасы аумағында жүргізіліп жатқан жұмыстар тәжірибесімен де танысып, аталмыш мәселеге қатысты ақпараттарды жинауда нәтижелі істер атқарды.

Тұлға ретінде А.Р.Боранбаева ұстамды, ғылыми ізденіске жаны құмар, ойлау қабілеті жоғары, білімді, ұғымтал, өзгелермен тіл табысу қабілеті де жоғары, еңбекқор және жауапты тұлға екендігі сөзсіз.

А.Р.Боранбаеваның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен симпозиумдарда, әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 12 еңбегінде қамтылған.

Атап айтқанда, Scopus базасына енген 2 ғылыми журналда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 4 мақала, Ресейдің бақылау комитеті ұсынған журналдарда 1 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 5 мақала жарық көрген, сонымен қатар, 1 элективті курс, 2- оқу құралы, 1-оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

А.Р.Боранбаеваның аталмыш зерттеу жұмысының мазмұны мен болашақ мамандар даярлау жүйесінде берген ұсыныстары мен бағдарламалары сапалы маман даярлауда өз үлесін қосатын жұмыстардың бірі болады деп үміттенемін. 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған А.Р. Боранбаеваның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады.

Боранбаева Ақтолық Раисбековнаның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010300 – Педагогика және психология диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

Ғылыми кеңесші  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы

Арымбаева К.М.



ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ЮЖК бөлімінің  
басшысы 